

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы" акционерлік қоғамын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 391 қаулысы

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы" акционерлік қоғамы "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Орталық) болып қайта аталсын.

2. Еңбек нарығын реттеу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты ақпараттық және талдамалық қолдауды, жергілікті органдар мен халықты жұмыспен қамту орталықтарын халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша әдіснамалық қолдауды қамтамасыз ету Орталық қызметінің негізгі нысанасы ретінде айқындалсын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2016 жылғы 1 шілдедегі

№ 391 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде реттік нөмірі 21-136-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"21-136. "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне" деген бөлімдегі реттік нөмірі 227-15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"227-15. "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ".

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.02.2017 № 71 қаулысымен.

4. "2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысында:

көрсетілген қаулыға 42-қосымшада:

реттік нөмірлері 39, 42 және 43-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

39	Жұмыспен қамту және кедейшілік базасы бойынша ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	Жұмыспен қамту мәселелері бойынша жалпы республикалық базаны құру және оны жүргізу және кедейшілік жөніндегі ақпаратты өңдеу.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	"Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ"	056 "Жұмыспен қамту және кедейшілік базасы бойынша ақпараттық - талдамалық қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер, жұмыспен қамту саясатын жаңғырту" 101 "Жұмыспен қамту және кедейшілік базасы бойынша ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер"	296 221
----	--	---	--	---	--	------------

".

,

"

		"Жұмыспен қамту 2020 жол картасы"				
--	--	-----------------------------------	--	--	--	--

42	"Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" бағдарламасын іске асыруды ақпараттық-әдіснамалық сүйемелдеу	бағдарламасын іске асыруды әдіснамалық қамтамасыз ету, кадрларға қажеттілікті айқындау, "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" бағдарламасы бойынша аумақтық ұтқырлықты ынталандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	"Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ"	1 2 4 " Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" шеңберінде ағымдағы іс-шараларды өткізу"	157 852
43	Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызмет көрсету мақсатында ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтерді сүйемелдеу, техникалық қолдау бойынша қызмет көрсету.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	"Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ"	0 2 7 " Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру және олардың төлемдерін жүргізу" 1 3 9 " Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер"	1 302 471

".